

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 наурыздағы № А-1/109 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 9 сәуірде № 3700 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № а-6/292 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 27.08.2014 № а-6/292 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабы 1 тармағының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 бабы 2 тармағының 3 тармақшасына, 16 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға ай сайын 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Жақсы ауданы әкімдігінің "Үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы" 2008 жылғы 3 қарашадағы № А-13/307 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-13-80 тіркелген, 2008 жылғы 5 желтоқсандағы "Жақсы жаршысы" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Д. Б р а л и н а ғ а ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

И.Қабдуғалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК